

аспабы мен күй әуенін өзінің айрықша таланты мен қабілетінің аркасында биік деңгейге көтерген күй анасы деп білеміз. Өзінен бұрынғы халық өнерпаздарының ізгі дәстүрін жалғастырып, ұрпаққа аманаттаған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық әртісі Дина Нұрпейісованың өнері халықтың рухани мұрасы ретінде бүгінгі мен болашаққа қызмет көрсете бермек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия. III том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2001ж.
2. Қазақ өнерінің тарихы. III том. Алматы «Өнер», 2008ж.
3. А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері». Астана «Күлтегін», 2002ж.
4. А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі». Алматы «Дайк-Пресс», 2002 ж.
5. У. Бекенов «Күй керуені». Алматы «Өнер», 2002 ж.
6. Қ. Ахмедияров «Әсем қоңыр». Алматы «Өлке», 1997 ж.
7. К. Сахарбаева «Атырау - ән-күй мұхиты». Алматы «Дайк-Пресс», 2001ж.

\*\*\*

*В статье представлено композиторство и исполнительское искусство Дины Нурпейсовой.*

ӘОЖ 002.55:378.1

*Габдуллаев Д.Г.  
М. Өтемісов атындағы  
БҚМУ, АТО директоры*

## ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА БІЛІМДІК- АҚПАРАТТЫҚ ОРТА ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың оқу үдерісіне терең тамыр жаю арқылы, біртіндеп біртұтас білімдік-ақпараттық орта қалыптастыратыны белгілі.

Қазақстандық біртұтас білімдік-ақпараттық орта құру жолында көптеген мәселелер туындайды. Кейбір мәселелердің шешу жолдарын айта кетсек:

- Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қалыптасқан бір бағытын таңдау жолын қиындатады. (Шешу жолының бірі. Автоматтандырылған программалық жүйенің ақпараттық қоры ортақ программалық жасақтамасының құжатына (мысалы: Notepad, HTML немесе XML-форматтары)

экспортталуы және өзге технологияларға негізделген ақпараттық жүйесіне жеңіл импортталуы);

- Интернет желісін алыстаған білім беру мекемелеріне жеткізу және тарифтерін арзандату жолы толық шешімін таппай отыр. (Шешу жолының бірі. Опто-талшықты сымжелі немесе сымсыз желі арқылы аймақтар бойынша Интернетке қосу. Дәстүрлі телефон байланысының орнына IP-телефония жүйесіне қосылу);

- Білім беру және басқару жүйесін автоматтандыру. (Шешу жолының бірі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде қуатты суперкомпьютер орнатып, балабақша, мектеп, лицей, колледж және ЖОО-ның ақпараттық қорлары автоматтандырылған жүйемен басқарылуы, толық статистикалық мәлімет алуға, қашықтан бақылауға және көптеген оқу үдерісіне байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді).

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде жоғары білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мамандардың кәсіби дайындығына тікелей катысты. Сол себепті ақпараттық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы ЖОО оқытушыларының кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық-техникалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдар арқылы білімдік-ақпараттық орта құру өзекті мәселе болып табылады.

Жоғары оқу орындарына арналған әртүрлі АКТ құралдарының жасалуы мен жинақталуы педагогикалық сипаттың бірқатар мәселелерін тудырады. Ең алдымен, педагогикалық жағынан жекелеген ақпараттық қорларды өндеуде, жинақтауда және практикалық қолдануда қандай да бір жүйенің жоқтығын айта кеткен жөн. Әдеттегідей, аталған құралдардың бір-бірімен өзара байланысы жоқ және бір ақпаратты қажетсіз қайталайды. Бір оқу мекемесінің шеңберінде қолданылатын ақпараттық құралдар әр түрлі әдістемелік және технологиялық тұрғыдан талап етіліп, студенттердің білімдері мен іскерліктеріне маңызды талаптар қояды, яғни бұл оқу үдерісіндегі тиімділікке кері әсерін тигізеді.

Оқу мекемелерінде ақпараттық технологиялар мен қорларды жөнсіз өндеу және қолдану, педагогикалық кадрлардың жан-жақты дайындалуында мүлдем мүмкіндіктің жоқтығы және оқу, оқудан тыс және педагогикалық-ұйымдастыру ісінде АКТ құрал-

жабдықтарын кешенді қолдану мүмкіндігі тағы бір мәселе болып табылады.

М.И. Башмаков, С.Н. Поздняков және Н.Л. Резник ақпараттық ортаны құру мәселелерін зерттеп, ақпараттық ортаға келесі анықтаманы берген:

Ақпараттық орта - бұл адамзат білімімен байланыстыратын қарым-қатынастар құралдарының жүйесі және жинақталған білім мазмұнын құрайтын ақпаратты сақтау, жіктеу және ұсынумен қатар оны жеткізу, өңдеу және кеңейту үшін қызмет етеді [1].

Білімдік-ақпараттық ортаны, біртұтас технологиялық құралдармен және студенттердің, ата-аналардың, жоғары оқу орнының әкімшілігінің және қоғамның сапалы ақпаратпен қамтамасыз етілуі өзара байланысты маңызды толтырылумен іске асуы компьютерлік техникаларды қолдануына негізделген программалық-телекоммуникациялық орта деп анықтауға болады.

Осындай орта, педагогикалық мағыналы мәліметке жедел қатынауды қамтамасыз ететін және оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынас мүмкіндігін тудыратын, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, жеткізуге арналған техникалық және программалық құралдардың жиынтығы мен әдістемелік-ұйымдастыру ортасын құрайды.

Білімдік-ақпараттық орта интеграцияланған көп компонентті жүйе сияқты құрылуы тиіс, яғни оның компоненттері оқу, оқудан



Сурет -1. Реттелмеген және реттелген білімдік-ақпараттық орталары

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің білімдік-ақпараттық ортасын қалыптастыруда педагогикалық шарттар мен білімдік үдерісін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

БҚМУ-дың білімдік-ақпараттық ортасы 2003 жылдан бастап инновациалық даму жолында. Кадрлар және құрылым жағынан бірнеше іріктеу кезеңінен өтіп келіп, ақпараттық технологияларды енгізуде көздеген өзекті мәселелерді шешуге арналған ақпараттық технологиялар орталығы құрылды.

Жоғарыда атап кеткендей, білімдік-ақпараттық ортаны құру үшін алдымен материалдық-техникалық базасы сай болуы қажет. Содан соң, жоғары квалификациялы мамандар ақпараттық технологияларды техника арқылы енгізіп, ақпараттық ортаны қалыптастырады.

Өнделген әдістер арқылы оқу үдерісінде студенттерді оқытуда төмендегідей бағыттарды енгізуге болады:

- ✓ Материалдық техникалық базаны мобильді техникаларға біртіндеп ауыстыру;
- ✓ Интернет жылдамдығын жыл сайын өсіріп отыру;
- ✓ Енгізілген ақпараттық технологияларды түгелдей web-технологияларға негіздеу;
- ✓ Университеттің білімдік-ақпараттық ортасын Интернет және Интранет қызметтерін арттыру арқылы қалыптастыру;
- ✓ Жоғары білім беру жүйесіне бәсекелестік жаңа IT-технологияларды енгізу [3];
- ✓ Вебинар форматындағы on-line режимінде оқыту жүйесін қолдану [4];
- ✓ TV-технологияларды енгізу, яғни университет жетістіктерін, өткізілген шараларды, бейне өнімдерді, студенттердің оқытушылар мен атақты ғалымдармен кездесулерін оқу теледидары арқылы трансляциялау;
- ✓ Электрондық оқулықтарды және электрондық басылымдарды қашықтан оқыту жүйесіне бағыттап offline және online нұсқауларына көшу;
- ✓ Оқу үдерісін бірыңғай электрондық алмасу жүйесіне бет бұру;

Әрине, көптеген мысалдар мен мәселелерді атап кетуге болады, бірақ та осы негізгі бағытпен жұмыстансақ, бірлескен ойдан туындаған жобаларды жедел және оңай пайдалы іске асыруға болады.

**Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:**

1. М.И. Башмаков, С.Н. Поздняков, Н.Л. Резник, Монография, Информационная среда обучения, С-Петербургб, 1997, С. 5, 76.
2. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Информатизация образования. Фундаментальные основы, Москва, 2005, С. 181-194.
3. Габдуллаев Д.Г. Проблемы и методы внедрения новых IT-технологии в систему высшего образования. Алматы, 2009. С. 24-29. (IV Республиканская учебно-методическая конференция. Нерпрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обучения.)
4. Габдуллаев Д.Г. Вебинар форматындағы on-line режимінде оқыту жүйесі. БҚГА хабаршысы, Орал, 2(13)2010, 128-130 бет.
5. <http://www.mirapolis.ru/system/modules/details.php?code=portal>

\*\*\*

*В данной статье рассматриваются проблемы формирования информационно-образовательной среды при организации учебного процесса.*

\*\*\*

*This article is considered on the problem of forming information-educational environment in the educational process.*